

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**G•GLOBAL**

Х Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ  
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ  
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**I БӨЛІМ**

15 маусым 2017ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ  
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ  
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ I**

15 июня 2017г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE  
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED  
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

**PART I**

15 June 2017

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)  
ББК 65.01  
Ә53

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макъш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

**Ә53** Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.

**Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.

**Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities »** Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-996-31-870-2  
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-996-31-870-2  
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330.(063)

управлению денежными эквивалентами. Критерий на уровне  $0,5 > R$  с очень низкой степенью соответствия, следовательно, систему УАО необходимо полностью заменить с учетом требований МСФО № 15.

Рейтинг УАО до оптимизации составил 0,7696, что означает среднюю степень соответствия целям финансового управления денежными эквивалентами притоков и оттоков. При среднем значении оценки в УАО рассматриваться как возможные для применения после необходимой доработки и гармонизации учетной деятельности в рамках введения МСФО № 15 по моментам признания доходов; моментам признания расходов и информационно-аналитической деятельности в рамках формирования г-критерия «этапы /место формирования информации о доходах; этапы /место формирования информации о расходах». Рейтинг УАО после оптимизации составил 0,8511, что означает высокую степень соответствия целям финансового управления денежными эквивалентами притоков и оттоков.

#### **Литература:**

1 Грищенко А.И., Глушак Н.В., Глушак О.В. Экономика-математическая модель формирования управленческого бюджета высокотехнологичного инновационного проекта // Журнал «Вестник Брянского Государственного Университета» Выпуск № 3.-2013- С.1-5

2 Шеметов В.Н., Нечехина Н.С. Актуальные вопросы моделирования учета в системе контроллинга //Журнал «Известия УРГЭУ. Раздел Теория управления» - № 3(41) 2012-С.108-116

### **ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ**

*Алибекова Б. А., Жуматаева Б. А., Туkenова Б. У.*  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан, bahyt\_jumataeva@mail.ru

Аудиторлық тексеруді өткізудің маңызды аспектілерінің бірі – клиенттің ішкі бақылау жүйесін бағалау. Сондықтан, сыртқы тәуелсіз аудиторлық бақылауға жататын ұйымдар үшін ішкі бақылауды ұйымдастыру маңызды. Ішкі бақылау ұйымда өз бетімен ұйымдастырылады және де ол шын мәнінде ұйым қызметінің тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін анықтаудың пәрменді құралы болып қана табылмайды. Ол ұйым алдында тұрған мәселелерді шешу және мақсаттарға жету жолында керекті мәліметтерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін ең тиімді әдісі болып саналады. Деседе, қазақстандық компанияларда ішкі бақылау жүйесіне тиісті назар бөлініп келе жатқан жоқ.

Ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру барысында заңнамалардың талаптарын және озық тәжірибе жетістіктерін елемеу көптеген себептер нәтижесінде туындайды. Оның негізгісі, көптеген қазақстандық кәсіпкерлердің ішкі бақылаудың қажеттілігі мен өзектілігін түсінбей келуі. Әлі күнге дейін көптеген басшылар кәсіпорынның жанды-жақты қаржы-шаруашылық үрдісін жеке дара бақылауда ұстай аламын деген пікірде. Бұндай пікірдің қалыптасуына, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңда ішкі бақылаудың тәртібі, тәсілдері және оны жүзеге асыру процедуралары бойынша нақты талаптардың ұсынылмауы да негіз болуда.

Ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру бойынша басшы мамандардың барлығының бірдей тәжірибеде өзінің бизнес үрдістеріне сәйкес ішкі бақылау жүйесін құруды біле бермеуі де әсерін тигізуде. Ішкі бақылау жүйесі басқарудың жалпы нәтижеге қарағанда үрдіске көбірек бағытталған, қызметтің тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау үшін негізделген көрсеткіштері қалыптаспаған; нәтижеге жетуді бақылауға мүмкіндік беретін басқару есебі жетілдірілмеген немесе мүлдем жоқ.

Кей жағдайларда ішкі бақылаудың мәні ұйымның басқару қызметінің кезекті бақылау бөлімшесі ретінде қабылданады. Мысалы, бухгалтерлік есеп жүйесімен тіркелген

шаруашылық процестердің фактілеріне жүргізілетін бақылауға бағытталған ревизиялық қызмет ретінде.

Ішкі бақылау жүйесінің құрылымына байланысты сұрақтарға тоқталмай, қазіргі кездегі кеңінен ашылып, зерттелген сұрақтар болғандықтан, оның тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау критерийлерін ұсынамыз.

Қазіргі таңда, шетелдік зерттеушілер, соның ішінде анықтап айтатын болсақ Райзберг Б.А., Лозовский Л.Ш., Стародубцева Е.Б. айтулары бойынша, тиімділік деп, ықпалдың, нәтиженің оларды алуға жұмсалған шығындарға, шығыстарға қатынасы арқылы анықталатын салыстырмалы ықпал, процестің операцияның, жобалардың нәтижелілігі түсініледі. [1, 116 б]

Қалыптасқан тәжірибеде ішкі бақылау жүйесін бағалау жүргізуде ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар бірнеше тәсілдер қолданылуға ұсынылады. Біздің ойымызша ішкі бақылау жүйесінде ең тиімдісі тестілеу процедураларын қолдану болып табылады. Тестілеу процедуралары көрсеткіштер және сол көрсеткіштерге қатысты қойылатын сұрақтарға берілген жауаптарды балдық және салмақтық бағалау негізінде есептеледі.

Тестілеудің өзіне тән артықшылықтарымен қатар, кемшіліктері де бар. Артықшылықтарына оның қолданудағы ыңғайлығы, әмбебаптылығын және

Көп еңбекті қажет етпеуін жатқызуға болады. Кемшіліктері келесілерден туындайды. Біріншіден, нақты және объективті критерийлер болмағанда бағалау сапалы талқылау негізінде құрылады. Сондықтан, негізгі баға эксперттік субъективтік шешім болып табылады, шешім дәрежесі өз кезегінде көптеген факторлармен байланысты екені баршаға мәлім. Тесттен өтушілер мен тест өткізушілер дайын құрылымдарға үйренеді, сондықтан ішкі бақылау жүйесінің қателерді немесе ауытқуды анықтау ықтималдығы айтарлықтай азаяды. Тестілеу әдетте мазмұнына басымдылық беретіндіктен, яғни әдіс ішкі бақылау жүйесінің болуын тексеруге мүмкіндік береді, бірақ ішкі бақылау дәрежесі және оның тиімділігін бағалауға мүмкіндік бермейді

Келесі туындаушы сұрақ ішкі бақылау жүйесін қандай нысанда құру. Заманауи ұйымдастыру нысандарын зерделей келе ішкі бақылау жүйесін аутсорсингке беру арқылы ұйымдастыру тиімді деп есептейміз.

Еліміздің дағдарыстан шығуының мақсат етіліп қойылуы кәсіпкерлердің алдына бизнесте өміршеңдік бойынша күрделі міндеттер қояды. Әсіресе, нарықтың ірі «ойыншыларымен» бәсекелестікке төтеп бере алмайтын шағын және орта бизнес ұйымдарының алдында шығын баптарын талдау және оларды қысқартатын жолдарды іздеу мәселесі қойылады. Үнемдеудің шынайы жолдарының бірі – аутсорсинг.

М.Р. Гильмиярованың пайымдауынша, нарықтық қарым-қатынастың қазіргі заманғы дамуы кәсіпорын құрылымының өзгермелілігімен, олардың нарықтың қарқынына қосымша ұсталымсыз жедел жауап беруге ұмтылысымен сипатталады [2, 65 б.].

Бухгалтерлік есеп және кадрлық іс жүргізу, ішкі бақылауды ұйымдастыру – сыртқы басқаруға елеулі залалсыз тапсыруға болатын бағыттардың бірі. Компания жетекшілігі аутсорсингтік компанияға жүгінген кездегі туындауы мүмкін басты қауіптердің бірі – ақпараттың жайылуы – еңсеруге келеді, себебі клиенттің құпия ақпаратының жайылуы сыртқы бухгалтерлік компанияның келешегіне кедергі келтіретінін ескерген жөн. Сонымен қатар, қазір меншікті ақпараттық қауіпсіздікті арттыру үшін бухгалтерлік есептілікті және өзге де ақпаратты «бұлт» сервистерінде сақтай алу мүмкіндігі пайда болды, олардың серверлері өзге елдерде орналасқан, сондай-ақ бухгалтерлік компанияның тарататын ақпаратын шифрлейтін құралдарды пайдалануға болады. Бухгалтерлік аутсорсинг – бұл көптеген кәсіпорындар үшін жақсы перспективалы болашақ, сондай-ақ соңғы уақытта бизнестің өзекті түрі болып отыр.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы N 304-І «Аудиторлық қызмет туралы» Заңына сәйкес аудиторлық ұйымдар аудиторлық қызметпен байланысты өзге де қызметтер көрсете алады, атап айтқанда: бухгалтерлік есептің қойылуы, қайта қалпына келтіру және жүргізу, бухгалтерлік және салық есептілігін құру, бухгалтерлік, салықтық,

басқару жағынан кеңес беру, бухгалтерлік есепті автоматтандыру және ақпараттық технологияларды жүргізу және т.б. [3].

Бухгалтерлік аутсорсингтің тиімділігін бағалау оның жақсы жақтарына бағдарлануымен жүргізіледі, мысалы:

- бухгалтердің жұмыс орнын жабдықтауға қажетті кеңсе құралдары, жабдықтар, жиһаз, еңбекақы жағынан үнемдеу; бухгалтер үшін мамандандырылған бағдарламалық жабдықтауда үнемдеу (мысалы, заңнаманың үдемелі дамуымен байланысты үнемі жаңартуды талап ететін, әрбір кәсіпорынның бухгалтерлік есебін және құжат айналымын қозғайтын) «1С-Бухгалтерия», «Гарант» немесе «Консультант» ақпараттық-құқықтық жүйелері секілді бағдарламаларды сатып алу қажеттілігі туындамайды); салықтық емес сипаттағы міндетті төлемдер болып табылатын салықта және сақтандыру салымдарында үнемдеу;

- жекелеген жұмыс аймақтарында мамандандырудың есебінен қызметкерлерді жүктеуді оңтайландыру;

- масштаб әсерін – қолданылатын ресурстардың көлемін өзгерту мен өндіріс көлемін өзгертудің арасындағы қатынасты пайдалану: өндірістің ауқымы үнемделеді, өнім бірлігіне жұмсалатын шығын азаяды;

- адами факторды жою – егер штаттық бухгалтер сырқаттанған жағдайда немесе еңбек демалысына кеткен кезде бухгалтерияны кім жүргізетіні туралы ойланудың қажеті болмайды. Аутсорсингтік компаниямен ынтымақтастық туралы келісім жасалған кезде бухгалтерлік есеп сапалы және уақытылы жүргізіледі. Тараптардың келісуі бойынша аутсорсингтік компания өзінің клиентінің жұмысына қарай ыңғайлануы мүмкін (8 сағаттан 5 күн немесе 24 сағаттан 7 күн).

Жоғарыдағы мәліметтерге сәйкес, аутсорсинг, соның ішінде бухгалтерлік аутсорсинг ұйым үшін кәсіпорынды басқарудың тиімділігі аутсорсингті енгізгеннен кейін нәтижесі жоғарылайтын жағдайда тиімді болатыны жайлы қорытынды жасауға болады. Аутсорсингтің тиімділігін ай сайын таза ақша ағымының көмегімен бағалауға болады, себебі кәсіпорынның тиімді және оңтайлы ұйымдастырылған ақша ағымы оның «қаржылық саулығының» маңызды сипаттамасы, оның шаруашылық қызметіндегі жоғары нәтижелерге жетуіне алғышарт болып табылады.

Бухгалтерлік есеп аутсорсингі тиімді болған кезде және сыртқы ұйым есеп (кадр) функцияларын беру туралы шешім қабылдаған жағдайда фирмаларға бухгалтерлік қызмет көрсетуді ұсынатын аутсорсер компанияны оңтайлы таңдау өте маңызды рөл атқарады. Сондықтан, кәсіпорынды зерттеуде біз әріптесті таңдау барысында оның қызметіндегі барлық аспектілерді ескеруді ұсынамыз, олар:

- фирманың танымалдылығы және беделі (компания нарықта күні кеше пайда болған жоқ, клиенттерге таныс және беделі жақсы);

- бухгалтерлік компаниядағы қызметкерлердің жоғары кәсіби даярлығы;

- құпиялылықты сақтаудың кепілі;

- аутсорсер клиент үшін салықтық оңтайландыру жөнінен шара жүргізуге дайын;

- өзінің бухгалтериясына кез келген уақытта онлайн қолжетімділікке ие болу;

- бағаның икемділігі, пакетті кез келген уақытта толықтыруға немесе қысқартуға болады. Жақсы аутсорсингтік компания бірқатар факторларға байланысты әртүрлі баға ұсына алады: ұйымдық-құқықтық нысан, шаруашылық операциялардың саны, таңдалған салық режимі, қызметкерлердің саны, бастапқы құжаттаманы жүргізудің қажеттілігі, есептілік күнтізбесі және т.б. Қызметтің маусымдылығы/бірқалыпсыздығы да маңызды болады.

Сонымен қорытындылай келе, ішкі бақылау шын мәнінде, ұйым қызметінің тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін анықтаудың пәрменді құралы болып табылады. Бухгалтерлік есеп және ішкі бақылауды ұйымдастыру – сыртқы басқаруға елеулі залалсыз тапсыруға болатын бағыттардың бірі болғандықтан, ішкі бақылау жүйесін аутсорсингке беру оны жүргізудің ең тиімді жолы деп есептейміз. Республикада тек Қазақстан шеңберінде ғана емес, шетелдерде

кеңінен танылған аудиторлық ұйымдардың болуы қызмет етуші аудиторлық компаниялар арасынан аутсорсингтік компания табу қиындық туғызбайды.

#### Әдебиет:

1. Райзберг Б.А., Лозовский Л.Ш., Стародубцева Е.Б. Современный экономический словарь. 6-е изд., перераб. и доп. - М.: ИНФРА-М, 2011
2. Гильмиярова М.Р. Проблемы и перспективы развития бухгалтерского аутсорсинга// Аудиторские ведомости, 11/2016. – 65 с.
3. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы N 304-І «Аудиторлық қызмет туралы» Заңы (2017.27.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

### ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТЫМЕН ЖАЛ ЕСЕБІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

*Алибекова Б. А., Жуматаева Б.А., Бекбулатова А.Т.*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,  
bahyt\_jumataeva@mail.ru

Қазіргі таңда жал немесе лизинг көптеген ұйымдар қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Ол активті иеленуге байланысты тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік беретін активтерді алудың тиімді көзі болып саналады. Бірақ, әрекет ететін «Жалдау» 17 ХҚЕС жал келісімшарты бойынша ұйымның активтері мен міндеттемелерінің көлемі туралы инвесторлардың айқын ақпарат алуына мүмкіндік бермейді. Ең алдымен, бұл әуе тасымалдаушылары, көтерме саудамен айналысатын және басқа да көліктік ұйымдарды қоса алғандағы листингтік ұйымдарға қатысты.

Қазіргі таңда әрекет етуші 17 ХҚЕС-қа (IAS) сәйкес көптеген жал операциялары операциялық жал ретінде көрініс табады, яғни тек қаржылық нәтиже туралы есептілікте операциялық шығындар ретінде көрінеді. Сондықтан, біздің жүргізген зерттеулеріміз нәтижесінде, қолданыста болған «Жалдау» 17 ХҚЕС-да (IAS) және жаңадан енгізілетін «Жалдау» 16 ХҚЕС-да (IFRS) қарастырылатын жал келісімшарттары есебінің ережелерінде айтарлықтай айырмашылықтар орын алатындығы анықталды [1,2]. Сәйкесінше, инвесторлар жал келісімшарты бойынша шынайы жағдайды көре алмайды. Себебі, ереже бойынша мұндай келісімшарттар туралы ақпараттар тек қаржылық есептіліктің түсіндірме жазбасында беріледі. Сондықтан көпшілік инвесторлар мен талдаушылар жал активтері мен міндеттемелерін дербес бағалауға мәжбүр, ал ол өз кезегінде олардың құнының артуына алып келеді. Бұл жағдай жалға алушы ұйым мен жалға беруші ұйымды салыстыруда инвесторларға қиындық тудырады. «Жал» 16 ХҚЕС (IFRS) қолдану арқылы тіркелген ұйымдар жал активтері мен міндеттемелері туралы шынайы көріністі баланста қаржылық жал бойынша операциялар ретінде толық көрсете алады.

Т.М. Алдарованың пікірі бойынша, шын мәнінде жалға беруші есебін жүргізу барысында 17 «Жалдау» ХҚЕС-та көрсетілген ережелер қолданылады [3, 42б.]. Олар үшін операциялық және қаржылық жал түсініктері сол қалпында қалған. Сонымен бірге, жалға беруші есебінде қаржылық жалға қатысты негізгі қарыз бен қаржылық табыстан тұратын дебиторлық борыштар көрініс табады. Негізгі қарыз жалдың инвестиция құны, ал қаржылық табыс жалға беруші жалға алушыға көрсетілген қызмет үшін алған сыйақысы болып табылады. Операциялық жалға келетін болсақ, жалға берілген объектілер бұрынғыдай жалға берушінің балансында көрініс табады және де осы объектілердің амортизациясын да жалға беруші есептейді. Елеулі өзгерістер жалға алушының жал есебіне енгізілген.

Біріншіден, жал есебінің екі жақты моделі жойылды. Осы модельге сәйкес қаржылық жал жалға алушының балансында, ал операциялық жал баланста емес, баланстан тыс пайда мен залал туралы есептілігіне қосылған операциялық шығындармен бірге көрсетіледі.